

## Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін беру Ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 23 сессиясының 2010 жылғы 17 маусымдағы N 23/278 шешімі. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 26 шілдеде N 8-9-84 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы мәслихатының 40 сессиясының 2011 жылғы 28 қарашадағы N 40/488 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы мәслихатының 40 сессиясының 2011.11.28 N 40/488 (алғаш рет реңи жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Өлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" және 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін берудің ұсынылған Ережесі бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Абай аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 8 тамыздағы 34 кезекті сессиясының N 34/335 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік акы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидаларын бекіту туралы" шешімі, (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне - 2006 жылғы 7 қыркүйекте N 8-9-22 болып тіркелген, "Абай-Ақиқат" аудандық газетінің 2006 жылғы 16 қыркүйектегі N 37 (3631) санында жарияланған);

2) Абай аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 7 қазандағы 9 кезекті сессиясының N 9/105 "Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 8 тамыздағы 34 сессиясының N 34/355 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және

қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі, (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне - 2008 жылғы 20 қазанда N 8-9-48 болып тіркелген, "Абай-Ақиқат" аудандық газетінің 2008 жылғы 31 қазандағы N 43 (3736) санында жарияланған);

3) Абай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 қыркүйектегі 16 кезекті сессиясының N 16/199 "Абай аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 8 тамыздағы 34 сессиясының N 34/355 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі, (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне - 2009 жылғы 15 қыркүйекте N 8-9-67 болып тіркелген, "Абай-Ақиқат" аудандық газетінің 2009 жылғы 25 қыркүйектегі N 41 (3784) санында жарияланған).

3. Осы шешім оларды алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбе құн еткен соң күшіне енеді.

Сессия төрагасы

К. Қанжекеев

Абай аудандық

Б. Цай

мәслихатының хатшысы

КЕЛІСІЛДІ

"Абай ауданының жұмыспен

С. Ақсанов

қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

2010 жыл 17 маусым

"Абай ауданының экономика

Ж. Макенова

және бюджеттік жоспарлау

бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

2010 жыл 17 маусым

Абай аудандық мәслихатының

2010 жылғы 17 маусымдағы

23 кезекті сессиясының

N 23/278 шешімімен

бекітілді

**Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету**

**Ережесі**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі N 710 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін анықтайды.

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2010.12.23 N 31/385 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбе күн өткен соң күшіне енеді) шешімімен.**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы комиссия – тұрғын үй көмегін тағайындау (бас тарту) мәселелері бойынша дау, жанжал немесе қалыпсыз жағдайларды қарастыратын уәкілетті орган жанындағы комиссия;

2) коммуналдық қызметтер – тұрғын үйде (тұрғын үй ғимаратында) көрсетілетін сумен жабдықтау, көріз, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, пеш жылуы, тұрғын үйді ұстау, қоқыстарды жою және лифтімен қамтамасыз ету қызметтері;

3) кондоминиум – үй-жай азаматтардың, занды тұлғалардың, мемлекеттің дара (бөлек) меншігінде болатын, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болатын жағдайда, жылжымайтын мүлікке меншіктің нысаны ;

4) кондоминиум объектісі – жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің, дара (бөлек) меншігіндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардан және оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – ғимараттың (объектінің) негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін, қажет болған жағдайда құрылымдық элементтерін және инженерлік жабдықтау жүйелерін өзгертумен, ауыстырумен байланысы жоқ физикалық және моральды

тозғандығын жою бойынша құрылымдық және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың кешені;

6) отбасы - заңнамада белгіленген тәртіппен бір мекен-жай бойынша бірге тұратын және тіркелген, отбасы құрамында тұратын некеден, туыстық, асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың басқа да үлгілерінен шығатын мүліктік және мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысатын тұлғалар тобы;

7) отбасының жиынтық табысы – отбасының тұрғын үй көмегін тағайындауға келген тоқсанның алдындағы тоқсанда ақшалай да, заттай да нысанда алған табысының жалпы сомасы;

8) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басының немесе отбасының атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға;

9) төлем шоты – коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстаяға, телекоммуникация жүйелерінің қызметтеріне, күрделі жөндеуге және тұрғын үйді пайдалануға жалға алу ақысын төлеу құжаты (шот, түбіртек, хабарлама, анықтама және т.б.). Қызметті жеткізушилер электронды тұрде немесе өтініш беруші қағаз түрінде ұсынады;

10) тұрғын үйді (тұрғын үй ғимаратын) ұстая шығындары – жалпы жиналыстың шешімімен бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін эксплуатациялауға және жөндеуге кететін ай сайынғы жарналар арқылы үй-жай (пәтер) иелерінің шығындарының міндетті сомасы;

11) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) – жалдаушыға (жалға алушыға) тұрғын жайды немесе оның бір бөлігін ақысын төлетіп тұрақты немесе уақытша иеленуге және пайдалануға беру;

12) уәкілдегі орган – тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қалалар) атқарушы органдары;

13) шекті-мүмкін болатын шығын үлесі – отбасының айлық жиынтық табысына тұрғын үйді ұстаяға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға жұмсалатын жарналар, коммуналдық қызметтерді тұтыну, телекоммуникация желілеріне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну төлеміне, тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге жұмсалған шығындарының шекті мүмкін болатын деңгейінің қатынас пайызы.

2. Аталған жерлерде тұрақты тұратын отбасыларға (азаматтарға) жергілікті бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй көмегі:

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді)

жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеу үшін қаражат жинақтауға жұмсалатын жарналарға;

тұрғын үй-жайдың иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға және қатты отынды алуға;

тұрғын үй-жайдың иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен телекоммуникация желілеріне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

жергілікті атқаруши орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегіне есептелетін отбасылардың (азаматтардың) шығыстары жоғарыда аталған бағыттардың әрқайсысына шығыстар сомасы ретінде анықталады.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға жұмсалатын жарналар бойынша өтініш иесінің шығындары тұрғын үй көмегін кезек кезегімен есептеу кезінде күрделі жөндеудің бір түрі бойынша ғана ескеріледі.

3. Тұрғын үй көмегі, егер тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді пайдалану ақысының шығындары өтемақылық шарапармен қамтамасыз етілген тұрғын үй ауданы нормасының шегінде болса, бірақ осы мақсаттарға жұмсалатын шығындардың мүмкіндік шегі деңгейінен асатын, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, отбасы бюджетіндегі тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді пайдалануға, тұрғын үйді жалға алу ақысын төлеуге сонымен қоса, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы шығындарының нормативтері және нақты қолданыстағы жалпы ауданнан артпайтын болса беріледі.

## 2. Тұрғын үй көмегінің мөлшері

4. Шекті мүмкін болатын шығындардың үлесі отбасының жиынтық табысына 13 % мөлшерінде белгіленеді. Абай қаласында тұрақты тұратын және орталық жылу жүйесі бар отбасыларға (азаматтарға) шекті-мүмкін болатын шығындар үлесі жиынтық табысқа 8 % мөлшермен белгіленеді.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Абай ауданының**

**мәслихатының 2011.03.28 N 34/410 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбе құн өткен соң күшіне енеді) шешімімен.**

5. Тұрғын үй көмегі өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша үәкілдеп органмен келесі мәлшер бойынша беріледі:

1) өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген тұрғын үй ауданының нормалары тұрғын үй заңнамасымен бекітілген отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормасына баламалы (18 шаршы метр). Көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызбасты азаматтар үшін ауданының әлеуметтік нормасы - 30 шаршы метр; бірақ бір бөлмелі пәтердің ауданынан кіші емес;

2) коммуналдық қызметтерді тұтыну нормасы:

бір адамға көлемдік газ:

төлем шоттарын ұсына отырып, нақты шығындар бойынша, айна 8 килограммнан аспауы тиіс;

бір адамға баллон газы:

төлем шоттарын ұсына отырып, нақты шығындары бойынша, айна 10 килограммнан аспауы тиіс;

қатты отын:

жылу кезеңінің ұзақтығы – 7 ай;

қатты отынды тұтыну, қызмет көрсетушілердің шоттарын ұсына отырып, нақты шығындары бойынша, жылу кезеңіне бір отбасына 3 тоннадан аспауы тиіс ;

тұрғын үйдің 1 шаршы метр ауданын жылдытуға көмір шығындары:

1985 жылға дейін салынған тұрғын үй ғимараттары үшін 1 шаршы метр ауданды жылдытуға 1-2 қабатты үйлер үшін 161 килограмм көмір (жылу кезеңіне есептегендеге), 1 шаршы метр ауданды жылдытуға-3-4 қабатты үйлер үшін 98 килограмм көмір (жылу кезеңіне есептегендеге);

1985 жылдан кейін салынған тұрғын үй ғимараттары үшін 1 шаршы метр ауданды жылдытуға 1-2 қабатты үйлер үшін 125 килограмм көмір (жылу кезеңіне есептегендеге), 1 шаршы метр ауданды жылдытуға 3-4 қабатты үйлер үшін 72 килограмм көмір (жылу кезеңіне есептегендеге).

Тұрғын үй көмегін есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы Қарағанды облысы Абай ауданында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

нақты шығындар бойынша, отбасына электр қуатын тұтыну айна:

газ плиталарымен жабдықталған үйлерде 150 киловатт;

электр плиталарымен жабдықталған үйлерде айна 250 киловатт;

3) суық суды, кәрізді, ыстық суды, қоқыс төккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер иелерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай, басқарудың занды үлгісін рәсімдегендер

) тарифтерді бекітетін қызмет көрсетуші немесе орган бекіткен тарифтер негізінде белгіленеді;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құрделі жөндеудің жекелеген түрлері кезек кезегімен төленеді.

6. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстай, құрделі жөндеу және (немесе) құрделі жөндеуге қаражат жинақтауға жұмсалатын жарналар, тұрғын үйді ұстай, коммуналдық қызметтерді тұтыну, телекоммуникация желілеріне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеу жалпы негіздер негізінде жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсетуге абоненттік ақы тарифінің арту сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіpte өтемақы төленеді.

8. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстаяға, құрделі жөндеуге және (немесе) құрделі жөндеу үшін қаражат жинақтауға жұмсалатын жарналарға арналған шығыстар, коммуналдық қызметтерді тұтынуға және қатты отынды алуға арналған шығыстар, телекоммуникация желілеріне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға арналған шығыстар, тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге арналған шығыстардың сомалары арасындағы айырмашылық ретінде анықталады, яғни отбасына тұрғын үй көмегінің мөлшері келесі формула бойынша анықталады:

Тұрғын үй көмегі = Отбасы шығыны - шекті мүмкін болатын шығындар.

Шекті мүмкін болатын шығындар = Шекті мүмкін болатын шығындар үлесі x отбасының орташа айлық жиынтық табысы.

Орташа айлық жиынтық табысы = 1 тоқсанға отбасының жиынтық табысы: 3 ай.

9. Тұрғын үй көмегінің мөлшері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстаяға, құрделі жөндеуге және (немесе) құрделі жөндеу үшін қаражат жинақтауға жұмсалатын жарналарды, тұрғын үйді ұстай, коммуналдық қызметтерді тұтынуға және қатты отынды алуға, телекоммуникация желілеріне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге нақты аударылған сомадан артпау керек.

### **3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу**

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау, азаматтар тұрғылықты мекен-жайы бойынша тікелей уәкілетті органға немесе ауданның Халыққа қызмет көрсету

орталығына өтініш (Ереженің 1 қосымшасы) берген кезде жүргізіледі және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар;
- 5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қурделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;
- 6) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қурделі жөндеудің жекелеген тұрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қурделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;
- 7) коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;
- 8) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
- 9) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Құжаттардың тұпнұсқалары және көшірмелері салыстыру үшін қоса беріледі, одан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады, ал құжаттардың көшірмелері жеке ісіне қоса тігіледі.

11. Ұсынылған құжаттарды қарастыру нәтижелері бойынша уәкілетті орган бланк формаларын (2, 3, 4 қосымшалар) толтырады және тұрғын үй көмегін алушының жеке ісі қалыптасады. Тұрғын үй көмегін тағайындағаннан кейін отбасына тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шарт жасалады. Көрсетілген шарт тұрғын үй көмегін ұсынуға негіз болып табылады. Шарт екі дана болып құрылады, біреуі тұрғын үй көмегін алушыда сақталады.

Уәкілетті орган ай сайын тұрғын үй көмегін есептейді, есеп өтініш иесіне беріледі.

12. Отбасының құрамында бір мекен-жай бойынша тіркелген барлық тұлғалар ескеріледі, сондай-ақ:

отбасы құрамында тіркелген, бірақ балалары, немерелері және басқа отбасы мүшелері бірге тұрмайтын (пәтер иелері кооперативінің (ПИК) анықтамасымен немесе тұрғылықты мекенжайы бойынша ауылдық округ әкімдігінің анықтамасымен расталады) зейнеткерлерге жәрдемақы осы Ереженің 5 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, жәрдемақы балалары, немерелері және

басқа отбасы мүшелерінің табыстары есепке алынбай, өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй аудандарының нормаларына сәйкес тағайындалады.

Егер есепті айда отбасы құрамында өзгерістер болса, келген (кеткен) отбасы мүшелері келесі тоқсанның бірінші айынан бастап ескеріледі (ескерілмейді).

Егер отбасының тұрғын үй көмегін алуға құқығы пайда болса, онда құқығы пайда болған уақыттан бастап есеп жүргізіледі.

Егер отбасының тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоғалса, онда құқығы жоғалған уақытқа дейін есеп жүргізіледі (құқығы жоғалған күнді қоспағанда).

13. Тұрғын үй көмегін алуға мынадай отбасылардың құқығы жоқ:

1) жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасы;

2) еш жерде жұмыс іstemейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелмеген адамдар болса;

3) келесі тұлғаларды қоспағанда:

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алушылар;

күтімді қажет етеді деп танылған мүгедектерге күтім жасайтындар;

туберкулездік, психоневрологиялық, наркологиялық диспансерлерде стационарлық және амбулаторлық емдеуде болып табылатындар;

үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу (бір немесе бірнешеу) және сондай-ақ төрт және одан да көп баланы – бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан үлкен емес) тәрбиелеумен айналысатын адамдар;

4) жұмыс іstemейтін және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген N 1 және N 2 тізім бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алушылар болса ;

5) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда тіркелген жұмыс іstemейтін отбасы мүшесі болса және ол жұмысқа орналасудан, немесе әлеуметтік жұмыс орнынан, немесе қоғамдық жұмыстан, немесе кәсіптік даярлаудан, немесе кәсіптік қайта даярлаудан, немесе біліктілігін арттырудан, немесе жастар тәжірибесінен бас тартса;

6) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда тіркелмеген жұмыс іstemейтін отбасы мүшесі болса және ол мерзімі 30 аптадан асатын жүкті әйел болмаса;

7) егер отбасында: әскери қызметкер (жедел мерзімді қызметтегі әскери қызметкерден басқа), ішкі істер органдарының қызметкері, жедел-іздестіру, тергеу және өртке қарсы қызмет органдарының саптық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің, қаржы полициясы органдарының қызметкері бар болса.

14. Тұрғын үй көмегі барлық қажетті құжаттарымен келген уақытта өтініш берген айдан бастап 6 ай мерзімге тағайындалады, тоқсан сайын отбасы табыстары және отбасы құрамы туралы мәліметтерді ұсынып отырады.

Тұрғын үй көмегін алушыларды қайта тіркеу ресімдеудің алғашқы процедурасына ұқсас жүргізіледі.

Тоқсан сайын табыстары туралы және отбасы құрамы туралы мәліметтер ұсынатын отбасыларға құжаттарды ұсынған қүніне байланыссыз ай сайын, бірақ келісімшарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін тұрғын үй көмегі тағайындалады.

15. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күн ішінде уәкілетті органдарға тұрғын үй көмегін алуға немесе тұрғын үй жәрдемақысының мөлшеріне әсер ететін жағдайлар туралы хабарлап отыру керек.

16. Тұрғын үй көмегінің мөлшеріне әсер ететін жағдайлар өзгерген жағдайда, бұған дейін тағайындалған жәрдемақыларды қайта есептеу жүргізіледі.

17. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға етініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

18. Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіpte сот арқылы шағым арыз беруге болады.

19. Тұрғын үй жәрдемақысын заңсыз алу немесе жоғары мөлшерде алу жағдайлары анықталған жағдайда тұрғын үй жәрдемақысын төлеу тоқтатылады. Заңсыз алынған сома еркін тәртіpte қайтаруға жатады, ал одан бас тартқан жағдайда заңнамада белгіленген тәртіpte қайтаруға жатады.

20. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), қызметті жеткізушилерге және кондоминиум объектілерінің басқарма органдарына тұрғын үй көмегін төлеу екінші деңгейдегі банктердің бөлімдері арқылы алушылардың дербес шоттарына, немесе кондоминиум объектісінің жеке банктік шотына соманы аудару жолымен жүзеге асырылады.

Дербес шоттарға аудару үшін өтініш беруші келесі құжаттарды ұсынады:

1. салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
2. әлеуметтік жекешелендіру коды;
3. екінші деңгейлі банкте ашылған дербес шоты немесе карточкалық шоты.

#### **4. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде жиынтық табысын есептеу тәртібі**

21. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілдепті орган (бұдан әрі - уәкілдепті орган) есептейді. Жиынтық табысқа азаматтарды тіркеу кітабына сәйкес тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелген барлық тұлғалардың тұрғын үй қөмегін тағайындауға келген тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстары есептеледі.

22. Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

23. Жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі – есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай тұрде алынған табыстың барлық тұрларі есептеледі.

24. Егер отбасының бір мүшесі бір тоқсаннан аз жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

25. Бір тоқсаннан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық сомасы есептеледі.

26. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

27. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлү жолымен белгіленеді.

28. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде осы Ережелердің 34 тармағында көрсетілгендерден басқа Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың барлық тұрларі есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет тұрларінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға алимент түріндегі табыс;
- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша есіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;
- 5) өзге де табыстар.

29. Еңбек төлемі, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыстар:

- 1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда:  
жалақының барлық тұрларі, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар, қосымша ақылар, ұстеме ақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге

қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан);

демалыс уақытында сакталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

ұйым (занды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайларда, еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі жалақы;

маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысында есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысына есептелмейді;

бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа да төлем түрлері;

жал бойынша төленетін еңбекақы;

жұмыс беруші төлеген несие сомасы. Көрсетілген төлемдер несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады.

Жиынтық табыстың құрамына, қызметкердің еңбек, қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгені үшін заңнамалық актілеріне сәйкес төленетін бір жолғы төлемдер мен ай сайынғы сомалар қосылады.

Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыстарды орындаушы тұлғалардың (мердігер және басқалар) кірістеріне шарттың іс-әрекеті кезеңдегі барлық мерзім қосылады. Алынған кіріс орындалған жұмыс үшін шартпен қарастырылған айларға бөлінеді, және жиынтық кірісте есепті мерзімдегі айлар кіреді.

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақылар;

арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға арналған мемлекеттік жәрдемақы;

бала бір жасқа толғанға дейін оның құтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

үйде тәрбиеленетін және оқытын мүгедек балаларды материалдық қамсыздандыру;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспирантарға, докторанттарға, оку орындарының басқа да тыңдаушыларына төленетін шәкіртақы;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жәрдемақы;

бірінші, екінші топтағы жалғызлікті, бөгде адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын құтімге арналған қосымша ұстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да тұрақты төлемдер.

Әлеуметтік төлемдердің еңбек төлемі ретінде алынған кірістері олардың мөлшерлері туралы анықтамалармен расталады.

30. Отбасының кәсіпкерлікten және басқа да қызмет түрлерінен түсетін жиынтық табысын есептеу кезінде:

1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;

2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен ;

3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған. Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс есепке алынады.

Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде растайды.

Жекелеген азаматтарда шарт жасаспай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жұмыс сипаты, жұмыс түрі, жұмыстарды орындау ұзақтығы және табысы көрсетілген, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін тұлғаның дәлелі (жазбаша өтініші) қоса берілген жазбаша өтінішпен расталады.

Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы біржолғы талон, патент, оцайлатылған декларация негізінде

расталады.

Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шакқанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

31. Балаларға және басқа да асыраудың ағыларға алименттер жиынтық табыс құрамында есепке алынады:

1) алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы, отбасының жиынтық табысында олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады;

2) адамдардың, асыраудың ағыларды асырауға міндettі адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі;

3) бас бостандығынан айыру орындарында не уақытша ұстау изоляторында болған жағдайда балаларға алимент төленбейтіндігі туралы түзеу мекемесінің анықтамасы беріледі;

4) егер алиментті төлеуші туберкулездік, психоневрологиялық, наркологиялық диспансерде емделіп жатса, онда емдеу мекемесінің анықтамасы беріледі;

5) егер ата-анасының арасында неке бұзылмай, жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы отбасының жиынтық табысында толық есепке алынады.

Жұбайлар білек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады;

6) егер баланың анасы (әкесі) баланың әкесімен (анасымен) тіркелген некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы сот шешімі болмаса алиментті жиынтық табысқа есепке алмай есептеледі;

7) балаларға және басқа да асыраудың ағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не пошта аударымдарының алынған алимент туралы квитанциясымен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

32. Жиынтық табыстың құрамына жеке қосалқы шаруашылықтан (саяжай участкесінен алынған табысты ескермегендеге), ауыл шаруашылығы өнімдерін есіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден түскен табыс есептеледі:

1) жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл

шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі берген жеке қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша осы Ереженің 5, 6, 7 қосымшаларының негізінде есептеледі;

2) жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы андар, ара, құс (тауық, қаз, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс отбасының жиынтық табысына өтініш берушінің жазбаша өтінішінің негізінде қосылады;

3) бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады. Табысты, шығынды айқындау үшін бір сотка жер (бір бас) өндірілген өнімнің құнынан (осы Ереженің қосымшасына сәйкес) шығысының орташа деңгейі шегеріледі;

4) табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне Қарағанды облысында қалыптасқан, Қарағанды облысының статистика басқармасының деректерінің негізінде Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады;

5) малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады;

6) жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыстарды есептеудің жеке нормативті карточкасы осы Ереженің 7 қосымшасына сәйкес өтініш берушінің деректерінің немесе ауылдық округ әкімінің анықтамасының негізінде тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілдегі органмен толтырылады.

33. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыстар:

1) жылжымайтын мұлікті және көлік құралдарын жалға беруден және сатудан ;

2) бағалы қағаздардан;

3) шетелдік валютаны өткізуден;

4) асыл тастар мен бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариатты сатудан;

5) жылжымайтын мұлік пен көлік құралдарын сатудан;

6) авторлық сыйақы түріндегі;

7) жылжымайтын мұлікті, көлік құралдарын және басқа да мұлікті сыйга тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;

- 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
- 9) қайтарымсыз алынған ақша түрінде;
- 10) ақша салымдары және депозиттер бойынша сыйақы (мұдде) түрінде;
- 11) ақшалай аударымдар түрінде;
- 12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, лотереяларда ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
- 13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін қоса алғанда, мәлімделген өзге де табыстар есепке алынады.

Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша етінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті айттылған табысы есептеледі.

Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

Жылжымайтын мүлік пен көлік құралын сатудан алынған кіріс алынған күні бойынша бір жолғы жалпы жиынтық табысқа кіреді.

34. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:
  - 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
  - 2) тұрғын үй жәрдемақысы;
  - 3) жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақы;
  - 4) баланың тууына байланысты берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы;
  - 5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылығын дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылығын дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмектің сомасын ескере отырып есептеледі.

- 6) осы отбасында тұрмайтын отбасы мүшелерінің біреуіне төленетін алимент;
- 7) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге баруға жолақысын төлеу;
- 8) протездеу уақытында азаматтарды ұстау, қамтамасыз ету;
- 9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерде емделуге баруының жолақысының құнын төлеу;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін заттай көмек түрлері:
  - дәрілік препараттар;
  - санаторлық-курорттық емделу;

протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);  
мүгедектерге бөлінген жүріп-тұру құралдары (арба-күймелер) және  
оналтудың басқа құралдары;  
білім алу кезінде окушыларды тегін тамақтандыру;  
11) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;  
12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне  
келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек;  
13) азық-түлік өнімдеріне бағалардың өсуіне байланысты аз қамтылған  
азаматтарға көрсетілетін ақшалай және заттай түрдегі көмек;  
14) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын үйді  
ұстау мен коммуналдық қызметтерді төлеуге және ауылдық жерлерде тұратын  
денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт  
саласының мамандарына қатты отынға көмек көрсету.

Абай ауданы бойынша  
Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
1 қосымша

## **Тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі Өтініш**

Өтініш иесін қосқанда, \_\_\_\_\_ адамнан тұратын менің отбасыма тұрғын үйді  
ұстау (жалдау, мемл. қордан тұрғын үйді жалға алу) және коммуналдық  
қызметтерді тұтыну бойынша шығындарды өтеуге жәрдемақы төлеуді өтінемін.

Мен және менің отбасымның мүшелері, заңды және жеке тұлғаларға берілуі  
мүмкін табыстар жөнінде, отбасы мүшелерінің табыстары жөнінде ақпаратты  
ашуға өз рұқсатымызды береміз.

Өтініш иесінің деректері:

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Жеке куәлігінің деректері \_\_\_\_\_

(туған күні, N және жеке куәлігінің берілген күні)

СТН \_\_\_\_\_ Банк, Қазпошта шотының N \_\_\_\_\_

Табыс түрі (зейнетақы, еңбекақы, стипендия және т.б.) \_\_\_\_\_

Өтініште көрсетілген басқа табыстарым жоқ.

МЕКЕНЖАЙЫ: \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ көш. \_\_\_\_ үйі \_\_\_\_ пәтері тел

Меншігі \_\_\_\_\_ Тұрғи \_\_\_\_\_

(КСК, ЖКО және т.б.) (жеке меншік, мемлекеттік)

Жалпы ауданы \_\_\_\_\_ текше м., қосымша ауданы \_\_\_\_\_ текше м.,  
бөлме саны \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_  
Күні \_\_\_\_\_

Абай ауданы бойынша  
Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
2 қосымша

**Отбасы құрамы және тұрғын үйдің  
жалпы ауданы туралы  
анықтама**

Азамат (-ша) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә толық көрсетіледі)

\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ көшесі, \_\_\_\_ үй, \_\_\_\_ пәтер мекенжайы  
бойынша тұратындығын растау үшін берілді. Отбасы құрамы \_\_\_\_\_ адам.  
Ауданы \_\_\_\_\_ текше м.

Жекешелендіру келісімшарты (сатып-алу және т.б.) N \_\_\_\_\_

Ордер N \_\_\_\_\_

Пәтердің-үйдің басты иесімен (пәтер жалдаушымен) бірге тұрып жатқандар:

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Анықтама азаматтарды тіркеу кітабының негізінде толтырылады.

Маманның қолы \_\_\_\_\_  
Қабылдаған күні \_\_\_\_\_

Абай ауданы бойынша  
Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
3 қосымша

**Отбасы мүшелерінің кірістері туралы  
анықтама**

### 1. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә.

Ай	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Кіріс түрі												
Кіріс сомасы												

### 2. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә.

Ай	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Кіріс түрі												
Кіріс сомасы												

### 3. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә.

Ай	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Кіріс түрі												
Кіріс сомасы												

Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Абай ауданы бойынша  
Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
4 қосымша

### Табиғи жағдайлары бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы

Реттік N	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Табиғи зона
1	Абай ауданы	Қуаң дала

Абай ауданы бойынша  
Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
5 қосымша

### Азық-түліктік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал толінің және құстардың жасы
Ірі қара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Абай ауданы бойынша  
Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
6 қосымша

## Дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы

### Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, кг	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 сотка жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай					
Арпа					
Қарамық					
Жүгері (жасыл салмағы)					
Көп жылдық шөптер					
Бір жылдық шөптер					
Картоп					
Көкөністер					
Бакшалар					
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)					
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, кара өрік және басқалары)					
Жиек дақылдары					
Жұзім					

### Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алынатын орташа өнімділік, кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің, (1 л, 10 дана жұмыртқаның) орташа бағасы, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі кара мал (сүт)					
Етті ірі кара мал (сиыр еті)					
Шошқалар (шошқа еті)					
Койлар, ешкілер ет/жұн					

Жылкы (жылкы еті)				
Түе (түе еті)				
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)				
Етті құс (құс еті)				

Абай ауданы бойынша  
Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
7 қосымша

## **Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің үлгі жеке нормативтік карточкасы**

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгери				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Кекөністер				
Бакшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгери				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс				
Жиыны: бір тоқсандагы табыс				

"\_\_\_" 20\_\_\_ж.  
— (өтініш иесінің қолы)

---

— (есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК